

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы МКҚК №15 «Әлия» бөбекжайы

Топ «Алақай» кіші тобы

Балалардың жасы 2-3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 26-30 қыркүйек 2022 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Сөйлеуді дамыту «Жиһаз атауына сөйлем құрау». Мақсаты: түстерді ажырата білу, әр түрлі суреттер арқылы тілдерін дамыту. Киімдерін шкафқа әдемілеп іліп қоюды үйрету.	Сенсорика «Не жетпейді?» Мақсаты: жиһаздың бір бөлшегі жетпейтін суреттерді көрсететін, себебін, қалай күту керектігін түсіндіру. Шкафқа аяқ киімдерін дұрыстап, астына қоюды қалыптастыру.	Дидактикалық ойын: «Жеке-жеке атын ата» (кесе, қасық т.б.-ыдыс-аяқ) (алма, алмұрт, т.б.-жемістер) Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту. Таңертең балабақшаға жыламай келу керек екені туралы әңгіме жүргізу.	Құрастыру «Жиһаздарды құрастыр» Мақсаты: 2-3 бөліктен құрастыруға үйрету. Апайлармен амандасуды үйрету.	Сурет салу «Жолақ кілемше» Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді тұзу сызықтармен әшекейлей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Сөрелеріне бас киімін дұрыс қоюға әдеттендіру.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	Көркем әдебиет «Біздің топтың жиһаздары»	Нейрожаттығу жасау музыкамен «Телевизор» Мақсаты: Саусақ	Сенсорика «Күндіз, біреу-көп»	Нейрожаттығу жасау музыкамен «Қоян» Мақсаты: Саусақ	Сөйлеуді дамыту «Біздің отбасы»

бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Мақсаты: Балаларға грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуде, сөйлемді толық, анық айтуға, өз ойын жеткізе білуге үйрету; диалогты сөйлеуге жаттықтыру;	моторикасын дамыту. Сөйлеуді дамыту. «Диасқа арналған диван»(шығармашылық тілді дамыту) Мақсаты: Топ ішіндегі қажетті жиназдардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс атап айтуға, сөз қорларын молайту.	Мақсаты: Тәулік бөлігі күндізбен таныстыру, заттың санымен таныстыруды жалғастыру, қоршаған ортада бір және көп затты таба білуді дамыту.	моторикасын дамыту. Құрастыру, жапсыру «Барбиге арналған үй» Мақсаты: Үйдің құрылымы және оның бөлмелері туралы қарапайым түсінік беру. Балалардың жағымды эмоциясын және өз үйі жайында әңгімелеуге ынтасын тудыру.	Адырбек Сопыбеков Мақсаты: Отбасында әрекеттердің атауын айтуды, тілдік қарым-қатынаста, зат есімдерді, қолданып, заттарды (Кім? Не?) және сын есімдерді (Не істейді?) қолданып, сипаттауға үйрету.
Таңертенгі жаттығу	Картотека № 5 «Кішкентай торғайлар» Б.к. тік тұру, аяқ алшақ; 1-4 қолды екі жанға созу, жоғары төмен сермеу; 5-6 б.к. келу;Б.к. –т.с. 1-2 басты оңға ,солға бұру; 3-4 б.к. келу;Б.к.- т.с. 1-4 отырып саусақпен тізе үстінен тықылдату; 5-6 б.к. келу;Б.к. –т.с. 1-4 қолды артқа созып еңкею;5-6 б.к. Б.к. ішпен жату; 1-4 бір қырынмен жату, арқаға , ішке; Шашырап жүгіру;				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында	Мәдени-гигиеналық	Жуынатын	Кезекшілердің еңбек әрекеті	Гигиеналық

	гигиеналық шараларды орындау Тамақтану туралы: Ас-адамның арқауы. Деген сөз бар ежелден. Бойға сіңіріп тарқауы. Үшін керек ереже.	дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету. Денсаулық туралы: Денсаулық – ол шыныққан, Барлық денені мүшесі Денсаулық – ол тыныққан. Жүйке тамыр жүйесі.	бөлмедегі тәртіп пен тазалық Тазалық туралы: Су- тіршілік негізі Онсыз өмір сүрмейсің, Гигиена –егізі Су деп және білгейсің.	(ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану туралы: Тамақты ішкін күнде сен, Белгілі бір мезгілде, Танертен, түс, түстен сон Жатар алдын кезінде.	шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу. Қол жуу туралы: Қатарға біз тұрамыз, Ретімізбен барамыз. Қолымызды жуамыз. Сүртінеміз, шығамыз.
Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемесу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Ғажайып қалта» ойын-жаттығу: Мақсаты: Ойыншықтардың ажыратып тани білуге үйрету, ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту.	Құрастыру «Үй және қақпа» Мақсаты: Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, құрылыс материалдарын кеңістікте орналастыра отырып көпір құрастыра білуге үйрету. «Қақпақтар» үстел-үсті ойыны: Мақсаты: Балаларды ұқсас заттарды	«Достық» саусақ ойын жатығуы Мақсаты: Балалардың саусақ моторикасын дамыту, ересектің нұсқауы бойынша қимылдар жасауға үйрету	Сөйлеуді дамыту «Күз» өлені. Көрінеді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған. Сары жапырақтар төгілген, Тоғайды да көрдім мен. Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшелігін айтып, тақпақ жаттатқызып, сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту. «Түрлі -түсті моншақтар» дидактикалық ойын: Мақсаты: Балалардың саусақ моторикасын дамыту. Ойлау қабілетін дамыту.	«Әуе шарлары» дидактикалық ойын Мақсаты: Түстерді танып ажыратуға баулу

		топтастыра білуге үйрету,саусак моторикаларын дамыту.			
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру		Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру
2-ші таңғы ас	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау Тамақтану кезінде алаңдамауға шақыру. Сөйлеуді дамыту Қол жуу туралы: Қатарға біз тұрамыз, Ретімізбен барамыз. Қолымызды жуамыз. Сүртінеміз, шығамыз.	2-ші таңғы ас алдында өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.	2-ші таңғы ас алдында ойыншықтарды реттеу, кезекшілікті орындау.	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау, бір біріне ойыншық жинауға көмектесу.	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау, үстелде дұрыс отыруын қадағалау.
Серуенгедайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	№ 18 Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау. Мақсаты: Адамдардың неліктен күз мезгілінде жылырақ киінетіндігін балаларға айтып түсіндіру.	№ 19 Күзгі көрінісін бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру.	№ 20 Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі ауа- райының салқындығын	№ 21 Күнді бақылау. Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. Қимылдық ойын: «Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ» Мақсаты: Жылдамдыққа , ептілікке баулу.	№ 22 Көгершінді бақылау. Мақсаты: Балаларға көгершінің немен коректенетіні, кайда мекендейтіні , тұмсығы дене пішіні түсі, қалай

	Еңбек: Біздің ауламыз. Мақсаты: Ауладағы түскен жапырақтарды жинауға балаларды тазалыққа, еңбекқорлыққа баулу. Көркем сөз: «Күзгі киім». Мақсаты: Күзгі киім атауларын екі тілде үйрету.	Еңбек: Ойын алаңы. Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Өз алаңдарын таза ұстауға үйрету. Қимылдық ойын: «Қашпа, доп». Мақсаты: Ойын шартын сақтай отырып, топ болып ойнауға, қимыл-қозғалысын дамытуға, ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.	үдететіндігін түсіндіру. Көркем сөз Қалың ну халық саулығы Көк орман Отан байлығы.	Еңбек: Гүл шоғы. Мақсаты: Алаңдағы жапырақтарды жинап, олардан әдемі гүл шоғын жасау. «Жануардың дауысын сал» Мақсаты: дыбыстық жаттығулар арқылы, әріптерді дұрыс айтуға машықтандыру.	дыбыстайтынын үйретіп, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа! Мақсаты: Балаларға такпак жаттата отырып, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойын: «Шымшық доп». Мақсаты: Допты қатты тебуге, оны ұстап алуға үйрету. Ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен шешінуі.	Бір біріне шешінуге көмектесу.	Киімдерін жинау. Сөрелерін ретке келтіру.	Киімді ұқыпты шешіп, бүктеп қою керектігін үйрету.	
Түскі ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу,	Кезекшілердің жұмысы (асхана

	дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ас алдында айтылатын тақпак: Ас дегенде отырып, Тәрбиешіні тыңдаймыз. Тамақ ішіп болған соң, Орнымызды жинаймыз.	кою) «Кезекші» Біз кезекші боламыз Айтқан тілді аламыз, Ыдыстарды қойған соң, Тамақ ішіп аламыз.	орамалының орнын білу, колды дұрыс сұрту, орамалды ілу. «Қол жуу» Қатар-қатар тұрамыз, Қолымызды жуамыз. Қолымызды жуган соң, Тамақ ішіп аламыз.	ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Ас алдында айтылатын тақпак: Ас дегенде отырып, Тәрбиешіні тыңдаймыз. Тамақ ішіп болған соң, Орнымызды жинаймыз.	кұралдарын, майлықтарды үстелге қою) «Кезекші» Біз кезекші боламыз Айтқан тілді аламыз, Ыдыстарды қойған соң, Тамақ ішіп аламыз.
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Бауырсақ» ертегі оқып беру.	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» музыка тыңдату,	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Балапаным» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Екі дос» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ұйқының пайдасы» Әңгіме
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі).				
Бесін ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу (сөйлеуді дамыту).				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Сурет салу «Қоңілді қаламдар» дидактикалық ойын. Мақсаты: Балаларды бояулардың түстерін эмоциялы	Үстел үсті театры: Мақсаты: «Менің достарым тақырыбы бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	«Қорбандаған аю». Дидактикалық ойын: Мақсаты: Аю туралы түсінік беру, аю образына кіру, жүрісін салу,	Қоршаған ортамен танысу «Өсімдіктер әлемі» Мақсаты: Өсімдіктер қалай көбейеді, өсу үшін оған не керек, өсімдіктер қыста неге өспейді.	Мүсіндеу «Қуыршаққа арналған шоколад торт» Мақсаты: Балаларды қиялдауға өз

	қабылдауға, қаламмен қағазға сурет салуға үйрету.		ойын ойнау арқылы қызығушылығын дамыту.		жұмысын жоспарлауға және бастаған ісін аяғына жеткізуге үйрету. Қысу арқылы домалақтау.
Балалармен жеке жұмыс	Сөйлеуді дамытудан Әсеммен «Ойыншықтар» өлеңін тыңдап, «ойыншықтар» сөзін дұрыс айтуға, «ойыншықтар» туралы әңгіме құрастыруға үйрету.	Музыкалық -ырғақтық жаттығулар. Нұрзат, Айзере музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынды таныс дене жаттығуларын орындату.	Балалармен жеке жұмыс. Аяна мен Анельге қаламды дұрыс ұстауға үйрету.	Балалармен жеке жұмыс. Али мен Аянға музыканы тыңдай білуге, барлық баламен бірге орындауды түсіндіру	Балалармен жеке жұмыс. Айым мен Ералыға жануарлар атауларын дұрыс айтуды үйрету
Серуенгедайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу				
Серуен			«Сақина» Мақсаты: алақан арасына сақинаны жасыру арқылы шыдамдылыққа үйрету, тапқырлыққа баулу	«Күн мен түн» қимылды ойыны. Мақсаты: шапшаңдыққа, жылдамдыққа үйрету.	«Қай ертегіде» танымдық ойыны. Мақсаты: ойлау қабілеттерін арттыра отырып, ертегілерді еске түсіруге машықтандыру
Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті.				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Сенсорика «Біздің үй ішіміз» Мақсаты: Қанша-сонша ұғымын ажырату, төртбұш, үшбұрыш	Мүсіндеу «Алмұрт жемісі» Мақсаты: қол ептілігін қалыптастыру, саты туралы түсінік беру.	«Шыңжыр» Мақсаты: нейрожаттығу арқылы балалардың ми қыртысының жұмысын	Сурет салу «Әжеге арналған түрлі-түсті орамал» Мақсаты: Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді	Көркем әдебиет «Шұбар тауық» ертегісін сахналау. Мақсаты: балаларды ертегіні аяғына

	пішіндерін бақылау, ішінде- сыртында кенестігін ажырату, көлемдерін бақылау.		жақсартуға ықпал ету	кылқаламмен бояу арқылы эстетикалық талғамының дамуына мүмкіндік тудыру.	дейін қызығушылықпен тыңдауға үйрету.
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

«Тексерілді»

Бөбекжайы әдіскері:

У.Г.Нурмухамметова

« 23 » 09 2022 жыл